


Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы Сотының төрағасы  
Ж.К.Асанов мырзаға.

Жанар Сәулебектен.

Мекен-жайы: ШҚО, Жарма ауданы,  
Қалбатау ауылы, Танірберген көшесі, 51.



## АЛҒЫС ХАТ.

**Құрметті Жакип Кажманович!** Мен Қытай халық Республикасынан көшіп келген оралманмын. Әкемнің «көзім тірімде Қазақстанға көшіндер»- деген аманатын орындап ата жұрыма көшіп келдім. Әрине, көшіп келгеніме өкінбеймін. Алайда, Қытайда көрмеген қорлықты өз ата жұртымда көрдім. Өткен 2017 жылы қыркүйек айында белгісіз біреулер менім жайылымда жүрген 3 бас жылқымды ұрлап әкетті. Мен өзім біреулерге жалданып қара жұмыс істеп жанұямды асыраймын. Ұрланған 3 бас жылқыдан басқа малдарым да жоқ. Соңдықтан жанұшырып ұрланған жылқыларымды іздедім. Таныс адамдардын көмегімен ұрланған жылқыларымды Күршім ауданы, Барақ батыр ауылынан Татенов Марат деген азаматтын қорасынан таптым.

Менім арызым бойынша 17.10.2017 жылы М.Татеновтын үстінен қылмыстық іс қозғалды. Бірақ, белгісіз себептермен М.Татеновтын үстінен қозғалған қылмыстық іс 16.12.2017 жылы қылмыс құрамы жоқ деп қысқартылыпты. Алайда, қылмыстық істің қысқартылғаның полиция қызметкерлері меннен жасырып айтпады. Қылмыстық істің қысқартылғаның мен тек 9 ай өткенде 2018 жылдың қараша айында ғана адвокаттын көмегімен білдім. Ең сорақысы қылмыстық іс қысқартылғанда менім жылқыларымды полиция қызметкерлері қайда жібергені белгісіз. «Менім жылқыларым қайда»-деген сұраққа тергеуші мардымды жауап бермеді. Адвокат арқылы алдын ала тергеу кезінде менім аудармашы алу, қорғаушы алу, іспен танысу сияқты көптеген құқықтарым бұзылғаның білдім. Алдын ала тергеу кезінде құқықтарымның бұзылғаның дәлелдеме болған жылқыларымның жоғалып кеткенің айтып мен аудан прокурорына, облыстық прокурорға жазған шағымдарымнан еш нәтиже болмады. Қалбатау ауылынан Күршім АІІБ-нің басшыларына, Күршім аудандық прокуратура басшыларына бірнеше рет келіп ауызша да, жазбаша да шағымданып көп шығынданып әділдік таба алмай шаршадым. Ақыры бір жыл өткенде, үмітім әбден үзілгенде әділдікті Күршім аудандық сотынан таптым. Күршім ауданының соты Құдайбергенова Роза Тлеуовна менім шағымымды жан-жақты толық тексеріп «заңсыз тоқтатылған қылмыстық іс қайта тексерілсін»- деген шешім шығарды.

**Құрметті Жакип Кажипманович!** Сізге және Құдайбергенова Роза Тлеуовнаға жанұямның атынан шың жүрегімнен алғысымды білдіремін. Өз елімде бөтен адамдай не заң білмей, не жазу-сызу білмей тауым шағылып қорлық көріп жүргенде, қара қылды қақ жарып әділ шешім шығарып көңілімді демедіңіздер. Алла сіздерге берекесін төксін.

08.01.2019 ж.

« Сәуір Жанар Сәулебек.